

Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (MMWG) 3-ші отырысының хаттамасы

2019 жылғы 1 ақпан, Алматы қ.

2019 жылғы 1 ақпанда Алматы қ. Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ), екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – ҚҚБ) және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (бұдан әрі – ҚҚК) өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – жұмыс тобы) 3-ші отырысы өтті.

Отырыс ақша нарығының индикаторларын талқылауға бағытталған іскерлік ахуал жағдайында өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды:

I. Жұмыс тобының 2-ші отырысының нәтижелері және оның қорытындысы бойынша тәуекелсіз мөлшерлемелердің түрлері бойынша қол жеткізілген уағдаластықтар.

1. ЕҚДБ өкілдері Жұмыс тобының 2-ші отырысының қорытындысын, атап айтқанда Жұмыс тобының TONIA индикаторын тәуекелсіз мөлшерлеме ретінде таңдауы бойынша қорытындысын шығарды.

2. ҚРҰБ өкілдері жеті күнде өтімділікті алу мерзімімен қысқа мерзімді ноттарды шығарудың орнынан депозиттік аукциондарды енгізу жоспарлары туралы және жеті күндік депозиттерді тартуды тоқтату туралы хабарлады. Сондай-ақ ҚРҰБ ҚҚБ-мен бірлесіп ҚҚБ-да ақша және валюта нарықтарының сауда алаңдары жабылғаннан кейін қосымша тұрақты қолжетімді мәмілелер (депозиты, РЕПО, своп) жасалатын арнайы сауда алаңдарын құру мәселесін пысықтайды. Мәмілелер бір жағынан банктер және басқа жағынан ҚРҰБ арасында ғана жасалады. Осы мәмілелер тиісінше валюталық своп сыйақының базалық мөлшерлемесінің және мөлшерлемесінің мәндері шегінің мөлшерлемелері бойынша жасалады.

II. ЕҚДБ-ның TONIA индикаторын есептеу және айқындау әдіснамасына ұсынылған өзгерістер туралы таныстыруы.

1. ЕҚДБ өкілдері ең үздік әлемдік практикаға сәйкес шынайы эталондық мөлшерлемелерді әзірлеудің негізгі басқару қағидаттарын атап өтті, сондай-ақ айла-шарғы тәуекелдерін төмендету және индикаторларды басқарудағы айқындылықты арттыру мақсатында TONIA индикаторын есептеудің ағымдағы әдіснамасына өзгерту енгізуді ұсынды.

Атап айтқанда, ЕҚДБ өкілдері TONIA индикаторын осы немесе өзге өлшемшарттарға сәйкес операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің кесімді орташа мәні ретінде өзгертуді, мәмілелердің күнделікті саны кем

шыққан жағдайда көзделмеген ахуалдар үшін жоспар енгізуді, сондай-ақ Әкімшіге бенчмаркинг әдіснамасын қайта қарауды жүйелі негізде өткізуді ұсынады.

2. ЕДБ, ҚҚҚ және ҚҚБ өкілдері TONIA индикаторын есептеудің қолданыстағы әдіснамасына қатысты сұрақтарының жоқ екенін атап өтті.

ЕҚДБ TONIA индикаторын есептеудің қолданыстағы әдіснамасын бұдан әрі пысықтау бенчмаркинг (ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес) сапасын арттыруға мүмкіндік береді, бұл өтеу мерзімдері неғұрлым ұзақ туынды және басқа құралдарды дамытуды қолдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде неғұрлым терең, өтімді және тиімді қазақстандық нарықтың дамуына әсер етеді.

3. Атап айтқанда жұмыс тобы эталондық есептеудің тиісті талаптарына сәйкес келетін транзакциялар TONIA индикаторын есептеу кезінде қазіргі кезде ескерілетін нарықтың барлық (немесе) сегменттерінде жүзеге асырылуы қажет пе деген мәселені талқылады.

4. ҚРҚБ-ның өкілдері Жұмыс тобының кезекті отырысына ҚҚБ-мен бірлесіп TONIA индикаторы бойынша TONIA индикаторын есептеудің өзгеру мүмкіндігін бұдан әрі зерделеу үшін нарықтың белгілі бір сегменттері бойынша кеңейтілген ақпарат дайындалатынын атап өтті.

III. ҚРҰБ-ның ақша және валюта нарығының маусымды факторларымен таныстыруы: салық апталығы және бюджет қаражатының игерілуі.

1. ҚРҰБ өкілдері валюта нарығының серпінін басым жағдайда салықтық кезең мен бюджет қаражатының игерілуі сияқты маусымдық факторлар қалыптастыратынын атап өтті. Бұл ретте, туынды құралдар нарығының дамуы маусымдық факторлардың ақша нарығына әсер етуін басуға ықпал ететін болады.

2. ЕДБ өкілдері маусымдық факторлардың ақша және валюта нарықтарының серпінін қалыптастыруға әсер ететінімен келісті.

IV. Төлемдер бойынша уақтылы есеп-айырысулардың тиімді ақша нарықтары үшін маңыздылығы.

1. ЕДБ өкілдері ақша нарығында өтімділікті біркелкі бөлмеу байқалатынын атап өтті.

V. Отырыстың қорытындысы бойынша тараптар төмендегілер туралы келісті:

1. Қатысушылар әдіснаманы талдауды жалғастырудың және TONIA индикаторын есептеуге өзгерістер енгізудің қажеттілігі тұрғысынан айқындау қажеттілігімен келісті.

VI. Жұмыс тобының кезекті отырысын өткізу туралы.

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2019 жылғы екінші тоқсанда Алматы қаласында өткізу туралы келісті.

2. Кезекті отырысты өткізу орны және нақты мерзімдері қосымша келісілетін болады.